



1, 2 - суреттерде сыртқы жиектің, сызба өрісі жиегінің және негізгі жазудың өлшемдері көрсетілген. Негізгі жазуды сызба өрісі жиегіне тақап, форматтың он жақ төменгі бұрышында орналастырады, ал оның түрі мен мазмұнын МСТ 2.104-68 анықтайды.

Сызба ерісінде жиегі



Сыртқы жиек

1 сурет



2 сурет

Негізгі жазу бағандарының мазмұны: 1-бұйымның аталуы; 2-құжаттың белгіленуі; 3-бөлшектің қандай материалдан жасалғаны көрсетіледі (бөлшектен басқаларда бұл баған толтырылмайды); 4-құжатқа дайындау кезеңдеріне қарай берілетін әріптаңба (литера); 5-бұйымның массасы; 6-масштаб; 7-парақтың реттік нөмірі (бір парақтан тұратын құжаттарда бұл баған толтырылмайды); 8-парақтар саны; 9-сызбаны шығарған мекеменің атауы; 10-құжатқа қол қойған адамның атқаратын лауазымы; 11-сызбаға қол қойған адамның аты-жөні; 12-11-бағанада аты-жөні көрсетілген адамның қолы; 13-қол қойылған құн; 14...18-сызбаға енгізілген өзгерістер жөніндегі белгілер.